

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Байқау кеңесінің
2024 жылғы « ____ » _____
№ _____ шешімімен бекітілген

**«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

1- тарау. Жалпы ережелер

1. «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына, «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысына (бұдан әрі – Серіктестік), ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы саясат келесілерді белгілейді:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер;

3-1) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелер;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;

5) осы Саясаттың талаптарын сақтау үшін жауапкершілік.

2-1. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа тыйым салынады. Серіктестік Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау талабы туралы мәлімдейді.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты – Серіктестікте комплаенс мәдениетін қалыптастыру, Серіктестіктің, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жоғары мінез-құлық стандарттарына бейілділігін қамтамасыз ету, бизнесті ашық және адал жүргізу, іскерлік беделді нығайту және Серіктестікке деген сенімді арттыру.

4. Осы Саясаттың ережелері атқарып отырған лауазымына, мәртебесіне және Серіктестіктегі жұмыс өтіліне қарамастан Серіктестіктің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне арналған.

Серіктестіктің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алып, оның қағидаттары мен талаптарын, сондай-ақ жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

2 - тарау. Терминдер мен анықтамалар

5. Бұл Саясатта келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Серіктес қабылдайтын шаралардың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Серіктестіктің қызметінің жекелеген саласына арналған, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – Серіктестіктің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етуші себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

5) Серіктестікте басқарушылық функцияларды атқаратын тұлға (бұдан әрі – Серіктестіктің лауазымды тұлғасы) - Серіктестікте ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша атқаратын тұлға;

6) корпоративтік этика және мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат – Серіктестіктің корпоративтік мәдениетін дамытуға және беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын айқындайтын құжат;

7) мүдделер қақтығысы - лауазымды адамдар мен қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

8) сыбайлас жемқорлық – Серіктестіктің лауазымды адамдарының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

10) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Серіктестіктің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

12) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

13) қызметкерлер – Кәсіпорынмен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғалар;

14) үміткерлер – Серіктестікте ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты лауазымды иеленуге үміткер тұлғалар;

15) жақын туыстар – Серіктестік қызметкерінің ата-анасы (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, туған және туысқан ағалары мен әпкелері, атасы, әжесі, немерелері;

16) жекжаттар – Серіктестік қызметкерінің жұбайының туған және туысқан емес ағалары мен әпкелері, ата-анасы және балалары;;

17) лауазымды тұлғаның отбасы мүшелері – жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары, сондай-ақ оның асырауында болып, онымен бірге тұрақты тұратын адамдар.

18) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаттарын, сондай-ақ осы мақсаттарға қол жеткізу процестерін әзірлеу үшін ұйымның өзара байланысты немесе өзара іс-қимыл жасайтын элементтерінің жиынтығы.

6. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ жазылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

3- тарау. Жауапкершілік

7. Осы Саясатты әзірлеу мен оның мазмұнының өзектілігі үшін Серіктестіктің Комплаенс-офицері жауапты.

8. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлері Серіктестіктің материалдық залалын өтеуден босатылмайды.

10. Осы Саясаттың талаптарын және Серіктестіктің жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін орындалуына Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз құзыреті шегінде жауапты.

Саясат талаптарының бұзылуы Серіктестік тарапынан лауазымды тұлға немесе қызметкер мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қаралады және тиісті шараларды қабылдай отырып, тергеу жүргізуге, оның ішінде бұзушылық материалдарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беруге негіз болып табылады.

11. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы осы Саясатқа 1-қосымшада көзделген нысан бойынша Саясатты адал орындау міндеттемесін растауға міндетті.

12. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

13. Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде көзделген, егер жасалған әрекеттерде қылмыстық жазаға тартылатын қылмыстың белгілері болмаса, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынбау немесе декларацияда толық емес, дұрыс емес мәліметтерді ұсыну үшін жауапкершілікке тартылады.

14. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар үшін жеке жауапкершілікке тартылады.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттер

15. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты – лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің атқаратын лауазымына қарамастан, сыбайлас жемқорлыққа қатысу қаупін барынша азайту, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілігін сипаттайтын сананы қалыптастыру.

16. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін осы Саясат келесі міндеттердің шешілуін көздейді:

1) Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімсіздік ұстанымына берік болуды қалыптастыру;

2) Серіктестікке, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын жинақтау және түсіндіру;

3) Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, осы Саясатты, жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен жолын кесу және жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін тұрақты жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу;

5) Серіктестік қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына, осы Саясатқа, Серіктестіктің парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне сәйкестігін қамтамасыз ету;

б) парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізу, қолдау және тұрақты жетілдіру.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

17. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік - Серіктестік өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты Серіктестік атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін Серіктестік лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін қандай да бір салада қызмет жүргізу практикасына қарамастан тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) Басшылықтың адалдығы және «жоғарыдан белгі беруді орнату» – Серіктестіктің Байқау кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Серіктестікте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшелері мен Бас директоры сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынас туралы мәлімдеуі, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс;

3) қызметкерлерді тарту - Серіктестік өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелерімен таныстырады және олардың сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

4) жазаның бұлтартпастығы – Серіктестік өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан Серіктестік қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

5) осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және жалпыға бірдей қабылданған нормаларға сәйкестігі – Серіктестік Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды.

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің мөлшерлестігі – Серіктестік, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін Серіктестік қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сәйкес сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – Серіктестік рәсімдерді барынша ашық, түсінікті және орындалуы оңай етіп жасауға ұмтылады, бұл олардың қарапайым түрде іске асырылуын, маңызды нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Серіктестік қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалайды және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді.

8) тиісті сақтық – Серіктес іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексереді;

9) мониторинг және бақылау - Серіктес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген процедуралардың сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

10) өзара іс-қимыл және үйлестіру – Серіктес сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6- тарау. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер

18. Серіктестік, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы саясатты іске асыру кезінде Серіктестік оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей

немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысуға, сондай-ақ келесілерге тыйым салады:

1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беру немесе беруге уәде беру;

2) пара талап етуге, қабылдауға немесе қабылдауға келісуге, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе жеңілдеткені үшін сыйлықтар беруге;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда табудың орнына Серіктестікке жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға ықпал етуге;

7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтарды немесе қонақжайлылық белгісін көрсету үшін сыйлық сыйлауға немесе алуға тыйым салады.

19. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің кәсіби қызметінде келесі тәртіп нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) ҚР Заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындауға міндетті;

2) іскерлік қатынастарда адал және парасатты болуы, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде кез келген теріс пиғылды тәсілдерден өзін алшақ ұстауы тиіс;

3) Серіктестік беделін түсіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуі тиіс;

4) Серіктестік қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбауы қажет;

5) заңға қайшы әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуі тиіс;

6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті қолдап, оны сақтауды талап етуі тиіс;

7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тарту қажет;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдеуге және мұндай әрекеттерді қолдамауы тиіс;

9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмауы тиіс.

10) Серіктестіктің жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу;

11) жақын туыстарының, жұбайының және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысты қызметкер болып қызмет атқаруына жол бермеу, сондай-ақ жақын туыстарын, жұбайын және (немесе) жекжаттарын тікелей бағынысты қызметкер етіп ұстаудан бас тарту.

Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы тармақшаның талаптарын бұзған жағдайда, егер олар анықталған бұзушылықты үш ай ішінде өз еркімен жоймаса, бағыныштылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуы тиіс, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, осы қызметкерлердің бірі лауазымынан босатылуға немесе басқару функцияларынан босатудың өзге түріне жатады.

20. Лауазымды тұлғалар мен олардың жұбайлары кірістер мен мүлік туралы декларацияларды Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген нысан, тәртіп және мерзімдер бойынша ұсынады.

Есептік күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мүлікті сатып алған жағдайда, лауазымды тұлғалар мен олардың жұбайлары кірістер мен мүлік туралы декларацияда аталған мүлікті сатып алуға шығындарды жабу көздері туралы мәліметтерді көрсетуі тиіс.

21. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

1) Серіктестіктің мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасауға және (немесе) оларға қатысуға жол бермеуі тиіс;

2) Серіктестіктің мүддесі үшін немесе оның атынан қоршаған орта тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайындық ретінде қабылдануы мүмкін мінез-құлықтан бас тартуы тиіс;

3) мүдделер қақтығысы туындауы немесе туындау ықтималдығы туралы қызметкер тікелей басшысына хабарлауы тиіс. Өз әрекеттерінің дұрыстығына немесе мінез-құлықтың кез келген басқа нормаларына қатысты күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Серіктестіктің комплаенс-офицеріне жүгінуге құқылы.

7-тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша шаралар кешені

22. Серіктестік қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға келесілер жатады, бірақ атап өтілгендермен шектелмейді:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдер төлеу;

- 2) сыйлықтар мен өкілдік шығындар
- 3) саяси қызметке қатысу;
- 4) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға;
- 5) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 6) персоналды басқару.

7.1 Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

23. Серіктестік Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Серіктестіктің іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын әріптестермен бірлескен іс-шараларға қатысудан және үшінші тұлғаларды тартудан бас тартады.

24. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру, не бірлескен кәсіпорынға қатысу туралы шешім қабылдаудан бұрын, үшінші тұлғаларды тартуды бастамашылық ететін Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласы заңнамасында белгіленген рәсімдерді сақтауы қажет;

2) үшінші тұлғалар мен бірлескен кәсіпорын серіктестерінің сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне қатысу мүмкіндігін бақылау келесі рәсімдерді орындау арқылы жүзеге асыру қажет (соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді):

олардың өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуы, осы Саясаттың талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастық жасауға дайындықтарын тексеру;

іскерлік беделін және мүдделер қақтығысының жоқтығын тексеру;

жалған кәсіпкерлікке, сенімділікке, салықтық және басқа да қарыздардың болуына тексеру;

3) жасалатын мәмілелерге осы Саясаттың №2 қосымшасында көрсетілген нысан мен мазмұнға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені қосу;

4) үшінші тұлғалар мен бірлескен кәсіпорын әріптестеріне осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабарлау.

25. Серіктестік үшінші тұлғалар мен бірлескен кәсіпорын әріптестерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерін, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды

7.2 Сыйлықтар мен өкілдік шығындар

26. Серіктестік іскери сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығындар қамтамасыз етуді, соның ішінде іскерлік қонақжайлылықты бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпыға бірдей қабылданған іскерлік тәжірибе деп таниды.

Серіктестік іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылыққа байланысты шығындарға қатысты адалдық пен ашықтықты қолдайды.

27. Серіктестіктің үшінші тұлғалармен іскерлік сыйлықтармен алмасуы және өкілдік шығындарды, соның ішінде іскерлік қонақжайлылыққа байланысты шығындарды жүзеге асыруы келесі критерийлерге сай болуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына және Серіктестіктің өкілдік шығындарға қатысты ішкі құжаттарына толық сәйкес келуі тиіс;

2) жөнімен негізделген, мөлшерлі болуы тиіс, қолма-қол немесе аудару түріндегі ақша, бағалы қағаздар, қымбат металдар болмауы керек немесе ақшаның өзге де түрлері немесе баламалары болмауы керек, сондай-ақ сән-салтанат заты болмауы тиіс;

3) қызмет көрсету, әрекет ету, әрекетсіздік жасау, салғырттық таныту, жақтасу, құқық беру, мәміле бойынша белгілі бір шешім қабылдау, келісім, лицензия, рұқсат беру және т.б жасырын сыйақы болмауы тиіс немесе алушыға басқа заңсыз немесе әдепке сай емес мақсатпен ықпал етуге болмайды;

4) Серіктестік, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін тәуекелді тудырмау;

5) қонақжайлылық көрсету адамның белгілі бір жолмен іс-әрекет етуіне ықпал ету немесе итермелеу үшін немесе сол адамның рөлін немесе функциясын орындағаны үшін марапаттау мақсатын көздемеу және оны қабылдамау;

6) қонақжайлылық орынды көрсетілуі тиіс және Осы Саясатпен көзделген шектерден аспауы тиіс және тиісті үшінші тарап ұйымының қонақжайлылыққа қатысты саясатын бұзбайды.

28. Серіктестік жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлық немесе іс-шара осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне қатысты күмән туындаған жағдайда, Серіктестіктің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері тікелей басшысымен немесе Серіктестіктің Комплаенс-офицерімен кеңесу керек.

29. Лауазымды тұлға мен оның отбасы мүшелері егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздігі) осы тұлғаның лауазымдық өкілеттігіне жататын болса немесе ол өзінің қызметтік жағдайы бойынша мұндай әрекетке (әрекетсіздігі) ықпал ете алатын болса, өздерінің материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызмет көрсеткен адамдардың пайдасына әрекеті (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер алуға құқығы жоқ.

Лауазымды тұлғаның және (немесе) оның отбасы мүшелерінің шотына өздеріне білмей келіп түскен ақшалай қаражат, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып алған ақша қаражаты олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде - тиісті мемлекеттік кіріс органына осындай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Лауазымды тұлға және (немесе) оның отбасы мүшелерінің келісімінсіз, хабардар етілмей келіп берілген сыйлықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып алынған сыйлықтар, сыйлық алынған күннен бастап немесе лауазымды тұлға сыйлық туралы білген күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуі тиіс, сол сияқты жағдайларда лауазымды тұлғаға көрсетілген қызметтер жеті күнтізбелік күн ішінде қызмет көрсетілген күннен бастап немесе лауазымды тұлғаға қызмет көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап республикалық бюджетке ақша аудару арқылы төленуі тиіс.

Сыйлықты мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы.

30. Егер қолма-қол ақша немесе оның баламалары түріндегі сыйлық байқаусызда алынса, қызметкер өз бөлімшесінің басшысына немесе (қызметкер бөлім басшысы болса) Серіктестіктің комплаенс -офицеріне жазбаша хабарлап, дереу қайтаруды ұйымдастырға міндетті.

31. Қызметкер абайсызда үшінші тұлғадан келесідей қонақжайлылық актісін қабылдаған жағдайда өз бөлімшесінің басшысына жазбаша хабарлауға міндетті:

1) үшінші тұлғалармен кәдімгі іскерлік қарым-қатынас кезіндегі ас (тамақтану шығыстары);

2) орынды болып көрінетін және кәдімгі іскерлік сыпайылық шеңберінен шықпайтын мәдени іс-шараларға билет, шақыру (үшінші тұлғамен бірге).

32. Қоғамның комплаенс-офицері Саясаттың 27-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкестігін алдын ала бағалауды (сыйлықтар, өкілдік шығындар, қонақжайлық актілері және т.б.) жүргізе алады, бұл үшінші тараптан байқамай қонақжайлық актісін қабылдау жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

33. Осы бөлімде көрсетілген әрекеттер Серіктестіктің Комплаенс офицері жүргізетін сыйлықтар мен қонақжайлылық тізілімінде тіркелуі тиіс.

7.3 Саяси қызметке қатысу

34. Серіктестік қоғамдық лауазымды тұлғалар немесе өзге де тұлғалардың Серіктестіктің қызметін сақтау немесе кеңейтуге әсер ете мақсатында немесе мұндай қатысу осындай ықпал етуге әрекет ретінде қабылдануы мүмкін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама ықпал ететін саяси қызметпен айналыспайды.

35. Серіктестік өз қызметінде артықшылық алу немесе қолдау мақсатында дербес немесе өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арқылы саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерді қаржыландырмайды.

36. Серіктестік қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ қызметі Серіктестікке өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтап қалу мақсатын көздемейтін халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатыса алады.

37. Серіктестік қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысу барысында Серіктестік атынан қандай да бір төлемдер жасау, мүлік беру, сыйлықтар ұсыну, беру немесе уәде ету және т.б. арқылы Серіктестікке өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтап қалу мақсатында әрекет етуге тыйым салынады.

38. Серіктестік қызметкерлері қоғамдық бірлестіктерге қатысу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

7.4 Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға төлемдер

39. Серіктестік өз бетінше немесе өз қызметкерлері арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғалардың және олардың жақын туыстарының Серіктестік үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында, соның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-кампаниялар және т.б. шығындарды немесе олардың Серіктестік есебінен өзге де пайда алуын төлеуге қатысты кез келген шығындарын төлемейді.

40. Серіктестік ресмилікті жеңілдету үшін мемлекеттік қызметтер үшін мөлшері мен ақпараты ашық қолжетімділікте көрсетілген ресми алымдардан басқа жағдайларды қоспағанда, тікелей немесе өз қызметкерлері арқылы сыйақы төлемейді.

7.5 Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

41. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсете алады.

42. Серіктестік лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және (немесе) демеушілік көмек көрсетуге шектеу қоймайды.

7.6 Персоналды басқару

43. Серіктестік кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Серіктестік:

1) персоналды іріктеу мен жұмысқа қабылдау процедураларын ашық жүргізеді және лауазымға сәйкес біліктілік талаптарын қояды;

2) жұмысқа орналасатын үміткерлерді еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін олардың сенімділігін және мүдделер қақтығысының болмауына тексереді;

3) персонал жұмысын бағалайды және сыйақыны жұмысындағы көрсеткіштер мен кәсіби жетістіктерінің орындалуына қарай төлейді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін ескере отырып, жоғары лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) қызметкермен еңбек қатынастарын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

44. Қылмыстық құқық бұзушылық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда Серіктестіктің лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауы өкілеттіктерді тоқтатуға негіз болып табылады.

7.7 Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу

45. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Серіктестік мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің жүзеге асырылуының алдын алуға және оларды шешуге үлкен көңіл бөледі.

46. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Серіктестіктің мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Серіктестік мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды немесе жағдайларды болдырмауға міндетті. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындау жағдайында Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері бұл ақпаратты

жазбаша түрде Серіктестіктің тікелей басшысына немесе Сәйкестік жөніндегі қызметкеріне жеткізуге міндетті.

47. Серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы және (немесе) Бас директоры қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден алынған ақпарат негізінде Серіктестік лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатына сәйкес тиісті жауап шараларын уақтылы қабылдауға міндетті.

7.8 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау

48. Серіктестік жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды және бағалайды, сондай-ақ оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді.

49. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен бағалаудың мақсаты – Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ Серіктестікке пайда әкелу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығы жоғары болатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау.

50. *Серіктестіктің Бақылау кеңесінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 4 хаттама шешімімен алынып тасталды.*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Серіктестіктің бекітуге шығарылатын ішкі құжаттарын қарау және оларда сыбайлас жемқорлыққа (сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін факторларға) себеп болатын жағдайлар мен шарттардың болу мүмкіндігін анықтау, сондай-ақ оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) Серіктестіктің ішкі құжаттарын тез арада сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингін жүзеге асыру;

3) Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің статистикасын зерделеу;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға мониторинг жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесінің қызметі болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар орын алуы ықтимал бизнес-процестің «маңызды нүктелерін» анықтау;

2) сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы, олар мынаны қамтиды:

Серіктестік немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде алуы мүмкін пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасы;

Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасалуы ықтимал «негізгі» лауазымдар;

сыбайлас төлемдерді жүзеге асырудың ықтимал нысандары;

3) ішкі бақылау рәсімдерінің бар немесе жоқтығын анықтау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

51. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелдерге төзбеушіліктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір нақты жағдайда Серіктестік ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту шараларын әзірлейді.

7.9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

52. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді, оның мақсаты - қызметтің жекелеген саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін құру болып табылады.

Серіктестіктің ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар ескеріледі.

53. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің міндеттері:

1) Серіктестікте жұмыс істейтін тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың теріс салдарларын болдырмау.

54. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тәрбиелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

55. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнаманың, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басқа да ішкі құжаттарды, оның ішінде Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін оқытуды оқыту қағидаттары мен нормаларын ақпараттандыру және түсіндіру бойынша шаралар қабылдайды.

56. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға өзінің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің белсенді қатысуын құптайды.

7.10 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар

57. Егер Серіктестікте лауазымды тұлға немесе қызметкер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы орын алғаны туралы адал ниетке негізделген кез келген дәлел немесе негізді болжам болса, Серіктестік қызметкерлері бұл туралы өздерінің тікелей не жоғары тұрған басшысына және (немесе) Серіктестіктің Комплаенс-офицеріне дереу хабарлауға міндетті.

Серіктестіктің қызметкерлері және (немесе) лауазымды тұлғалары тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасалғаны туралы негізді күдік туындаған немесе анықталған жағдайда, сондай-ақ аталған тұлғаларға қатысты, үшінші тарап бұл туралы Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған «сенім телефоны» арқылы Серіктестіктің Комплаенс-офицеріне хабарлауға не Серіктестікке ресми өтініш жолдауға құқылы.

57-1. Серіктестік барлық өтініш берушілерге қатысты құпиялылық қағидатын сақтайды, сондай-ақ ұсынылған мәліметтердің шынайылығын Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімдерде тексереді.

Серіктестік қызметкерді мынадай жағдайлар үшін қудалаудан, кемсітуден немесе тәртіптік жазаға тартудан (мысалы, қоқан-лоқы көрсету, лауазымын төмендету, қызметтік өсуіне кедергі келтіру, басқа қызметке ауыстыру, еңбек шартын бұзу, психологиялық қысым көрсету және басқа да жағдайлар) қорғауға кепілдік береді:

1) оның пікірінше сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар кез келген іс-әрекетке қатысудан немесе оны орындаудан бас тартқаны үшін;

2) алаңдаушылық білдіру не адал ниетке немесе негізді болжамға сүйене отырып жасалған хабарлама: жасалған, іс жүзінде жасалуға әрекет етілген парақорлық не сыбайлас жемқорлық әрекеті, оларды жасауға күдік, не Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесін бұзу фактісі (тұлға бұзушылыққа қатысушы болған жағдайларды қоспағанда).

Егер мұндай хабар әдейі және көрінеу жалған сипатта жасалса, соның ішінде беделге нұқсан келтіруге, заңсыз артықшылық алуға немесе жауапкершіліктен жалтаруға бағытталған жағдайларды қамтыса, мұндай өтініш берушіге қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жауапкершілік шаралары қолданылады.

57-2. Серіктестік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері не күдіктері туралы анонимді хабарламаларды қабылдайп, қарайды.

Барлық келіп түскен мәліметтердің негізділігі мен шынайылығы тексеріледі.

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық белгілері анықталған жағдайда, Серіктестік тиісті ақпаратты одан әрі әрекет ету үшін уәкілетті мемлекеттік органға жолдайды.

58. Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар ақылға қонымды мерзімде Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексерілуі немесе қызметтік тексерілуі тиіс

59. Егер қызметтік тергеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, тергеудің аяқталуы кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын басшылыққа ала отырып, түзету шараларын қабылдау болып табылады, бұл шараларға еңбек қатынастарын бұзу және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсыру, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру жатады.

60. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және үшінші тұлғалармен өзара әрекеттестік қағидаты негізінде ынтымақтасады, мынадай мақсатта:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар туралы хабарлау;
2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарды тергеуге жәрдемдесу;

3) Серіктестіктің қызметін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша тексеру жұмыстарын жүргізу кезінде үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу.;

4) уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері жөнінде сұрау салулары бойынша кеңестерге (мәжілістерге) комментариілер беру/қатысу.

7-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың сақталуын қамтамасыз ету қызметі

60-1. Серіктестіктің Комплаенс-офицері Серіктестіктің тәуелсіз қызметкері болып табылады және мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін барлық қажетті өкілеттіктер берілген:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

- жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін әзірлеп, енгізуді бақылау;

- Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесіне және сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелер бойынша кеңес беру және басшылық жасау;

- жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ISO 37001: 2016 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- Серіктестікте сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау.

60-2. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық белгілері болуы ықтимал мән-жайлар немесе жағдайлар анықталса іс-әрекет тәртібіне қатысты Серіктестіктің Комплаенс-офицерінен түсіндірмелер мен ұсынымдар сұратуға құқылы.

8-тарау. Қорытынды ережелер

61. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы, Серіктестіктің Жарғысы өзгеруі нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген ережелерінде үйлеспеушіліктер болса, Саясаттың аталған ережелері өз күшін жояды, ал Саясатқа өзгерістер енгізілгенге дейін Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық актілерін басшылыққа алады.

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№1 қосымша

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын (бұдан әрі – Саясат) адал ниетпен ұстануға және бұлжытпай орындауға міндеттенетінізді растау үшін осы нысанды пайдаланыңыз.

Бұл құжат еңбек және/немесе қызметтік міндеттерін орындау сәтінен бастап «Қайтарылған активтерді басқару жөніндегі серіктестік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) қызметкерінің жеке ісінде сақталады.

Растау

Сәйкес ұяшықтарды белгілеңіз:

- Серіктестік саясатын оқып шыққанымды растаймын;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, Серіктестік саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Серіктестік саясатын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы, оның ішінде атқаратын қызметімнен босатылуым ықтимал екендігі туралы білемін.

Қолыңызды қойыңыз:

Т.А.Ә., лауазымы

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№2 қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

1.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

1.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

1.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

1.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

1.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

1.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы

мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бірбіріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.